ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 шілде №3115-24-00-2/1575 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Орынбасарова» Аяулым Сейтқазықызы Орынбасарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 293 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 109, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Орынбасарова» Аяулым Сейтқазықызы Орынбасарованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Орынбасарова» Аяулым Сейтқазықызы Орынбасарова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Орынбасарова» Аяулым Сейтқазықызы Орынбасаровадан мемлекет пайдасына 15 768 (он бес мың жеті жүз алпыс сегіз) теңге айыппұл және 2 319 (екі мың үш жүз он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 29 шілде 2024 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 29.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.09.2024, судья Сарсенбиева Б. С., 11.09.2024

3115-24-3-1/1649